



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

2022 жылғы отын мен энергияны тұтыну бойынша үй  
шаруашылығын зерттеу

## Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-кіріспе
- S. 3 Метадеректерді жаңарту
- S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S. 5 Өлшем бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негіз
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланымдар саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапаны басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақытылылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті Энергетика статистика басқармасы

### S.1.3 Байланысатын адамның аты

Абдикаримова Мадина Ерланқызы

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

### S.1.5 Байланысатын адамның пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

ma.abdikarimova @aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-08

## S.2 Өзектілік-кіріспе

Қазақстанның негізгі стратегиялық мақсаты 2060 жылға қарай парниктік газдардың ұлттық нетто-эмиссияларын нөлдік деңгейге дейін төмендету болып табылады. Қазақстан үшін осы мақсатқа қол жеткізудің басты міндеті энергетика секторындағы шығарындыларды азайту болып табылады, ол 2022 жылға жалпы көлемнің 77% құрады. Энергетиканың үлесін төмендетуге қол жеткізудегі қиындықтардың бірі Қазақстан экономикасындағы қазба энергия ресурстары секторының рөлі және өнеркәсіпте де, үй шаруашылықтарының тұтынуы үшін де энергия өндіру үшін қазба отындарды пайдаланудың бастапқы деңгейі болып табылады.

Қазақстандағы ОДМ және ҰДАС мониторингтеу үшін биоэнергетика жөніндегі деректерді нығайту жөніндегі халықаралық агенттіктің (IRENA) жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы «Үй шаруашылықтарында энергия тұтынуды зерттеу сауалнамасы» (индексі –Н-010,кезеңділігі – бес жылда бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша үй шаруашылықтарына іріктемелі зерттеу жүргізді. Зерттеу 11 модульден тұратын және 38 сұрақты қамтитын сауалнама негізінде жүргізілді.

Іріктемелі зерттеу жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтыну туралы ақпарат жинауды жүзеге асыру болып табылады.

Үй шаруашылықтарының тәжірибесін түсіну және сипаттау энергияға ағымдағысұранысты бағалауға және болашақ қажеттіліктерді болжамдауға көмектеседі. Сондай-ақүй шаруашылықтарында энергия тұтынуды зерттеу энергия тиімділігі мен үй шаруашылықтарында қолданылатын энергия үнемдеу шараларын бағалауға мүмкіндік береді.Отын тұтыну туралы деректерді талдау энергия шығынын азайтуға және энергияны ұтымды пайдалануға болатын салаларды анықтауға көмектеседі.

Сондықтан Қазақстандағы үй шаруашылықтарының отын мен энергия көздерін тұтыну сипаттамасын зерделеу маңызды. Осы зерттеу аясында үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтынудың сипаты энергияны түпкілікті пайдалану санаттары бойынша зерттелді.

### S.3 Метадеректерді жаңарту

#### S. 3. 1 Жаңартылғанметадеректердісоңғырастау

26.06.2023 ж.

#### S. 3. 2 Метадеректердісоңғыорналастыруы

26.06.2023 ж.

#### S. 3. 3 Метадеректердіңсоңғыжаңаруы

26.06.2023 ж.

#### S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

##### S. 4. 1 Деректерді сипаттау

Отын мен энергияны тұтыну саласындағы статистикалық байқаудың негізгі көрсеткіштеріне үй шаруашылықтары энергия көздерін (отын, электр энергиясы, жаңартылатын энергия көздері) және суды жылытуға, тамақ дайындауға арналған жабдықтарды пайдаланатын үй шаруашылықтарының үлесі, сондай-ақ электр аспаптары мен жарықтандыру түрлерін пайдаланатын үй шаруашылықтарының үлесі болып табылады.

##### S. 4. 2 Жіктеу жүйесі

Іріктемелі зерттеулерді жүргізу кезінде статистикалық жіктелімдердің маңызы зор. Оларды пайдалану жиналатын ақпараттың басқа статистикалық зерттеулер деректерімен және оның сапасымен салыстырымдылығына әсер етеді.

Тексеру жүргізу кезінде әкімшілік-аумақтақ объектілердің жіктеуіші пайдаланылады (ӘАОЖ), сондай-ақ ҚР СЖРА ҰСБ анықтамалықтар. Осы жіктеуіштер ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында басты бетте «Негізгі»/ Жіктеуіштер бөлімінде орналастырылған.

##### S. 4. 3 Секторлық қамту

Байқауға іріктемеге түскен үй шаруашылықтары қатысады. Зерттеу интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы пікіртерім жүргізу әдісімен барлық облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жүргізілді.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастырудың негізгі көзі «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі «Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесі(бұдан әрі – ТҮҚСТ) болып табылады. Көрсетілген дерекқорды пайдалану бірқатар артықшылықтарға байланысты, оларға мыналар жатады:

- Іріктеменің дайын шеңберінің болуы, ол іріктеменің негізін құруға байланысты шығындардың едәуір баптарының бірін болдырмайды;
- Үй шаруашылықтарын ротациялауды жүзеге асыру үшін қажет тұрақты жаңартылатын дерекқордың болуы;
- Аумақтық бөліністе және жергілікті жердің типі бойынша үй шаруашылықтары туралы ақпараттың болуы.

Жалпы жиынтыққа жалпы коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттарда, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақ үйлерде, діни қауымдастықтарда және басқа да осыған ұқсас тұрғын үйлерде тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типтерінде тұратын үй шаруашылықтары енгізілді.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы еліміздің жиырма өңірінде пәтерлерден құралған және 12 000 үй шаруашылығын құрады.

#### S. 4. 4 Статистикалық деректермен қамтылған негізгі экономикалық немесе өзге де секторлар

1. Зерттеу бірлігі - бұл бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан тұратын, олардың кірістері мен мүлкін толық немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен қызметтерді бірлесіп тұтынатын экономикалық субъект.
2. Құралдар жинағы: бес жылда бір рет өткізілетін (индексі Н-010) «Үй шаруашылықтарындағы энергияны тұтынуды зерттеу сауалнамасы» статистикалық нысаны.
3. Байқау типі: іріктеп бақылау.
4. Тапсыру мерзімі 25 наурызға (қоса алғанда) дейін. Сауал салуды қағаз жеткізгіште интервьюерлер жүзеге асырады. Іріктемелі зерттеу сауалнамасы іріктеуге түскен әрбір үй шаруашылығына (отбасына) толтырылады. Өртүрлі үй шаруашылықтарына жататын бірнеше отбасылар бойынша ақпаратты жазуды олар бір үй-жай шегінде тұрып жатса да сауалнаманың бір бланкісіне біріктіруге жол берілмейді.
5. Нысанды соңғы қайта қарау 2022 жылы болды, статистикалық нысан ҚР СЖРА ҰСБ-ның ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы

Респонденттерге/ 2023 жылғы статистикалық нысандар/ бес жылда бір рет.

S. 4. 5 Статистикалық объект

Үй шаруашылықтары мен 6 жас және одан жоғары жастағы отбасы мүшелері.

S. 4. 6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы қалалық және ауылдық жерлерге бөлуді қоса алғанда, аумақтық негізде стратификациялау рәсімдерін пайдалана отырып, екі сатылы ықтималдық (кездейсоқ) іріктеу әдісімен және үлгіні қалыптастыру сатыларының әрқайсысында кездейсоқ іріктеу әдісімен қалыптасты

Зерттеуге 11944 үй шаруашылығы қатысты, оның 6520-сы қалалық және 5424-і ауылдық жерлерде тұрады.

S. 4. 7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана).

S. 4. 8 Қамту уақыты

Қазақстанда үй шаруашылықтарын зерттеу 2018 жылдан бастап бес жылда бір рет жүргізіледі. 2018-2022 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

S. 4. 9 Базалық кезең

Негізгі кезеңі үшін өткен жыл қабылданады.

S. 5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S. 6 Есепті кезең

Бес жылда бір рет

S. 7 Құқықтық негіз

S. 7. 1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 – IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

5. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 292 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме.

## S. 8 Құпиялық және деректерді қорғау

### S. 8. 1 Құпиялық саясаты

1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28 – бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

### S. 8. 2 Құпиялық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта



сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану ережесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

## S. 9 Жарияланымдар саясаты

### S. 9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1-тармағы, 2-тармағы.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі бюро сайтында [www.gov.kz](http://www.gov.kz). «Басты»/ «Шығарылымдар» орналастырылған.

### S. 9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі бюро сайтында [www.gov.kz](http://www.gov.kz). «Басты»/ «Шығарылымдар» орналастырылған.

### S. 9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы сапалы ресми статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді (ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/ru/> сайты).

## S. 10 Тарату жиілігі

Бес жылда бір рет

## S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

### S. 11.1 Пресс-релиздер жарияланбайды

### S. 11.2 Жарияланымдар

1. Электрондық кесте «Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтыну» Бюро сайтында

<https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-energy/>

орналастырылған;

2. Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер сілтеме бойынша Бюро сайтында <https://stat.gov.kz/ru/> бөлімінде «Статистика (салалық статистика)»/«Энергетика статистикасы» орналастырылған;

S. 11. 3 Онлайндық деректер базасы

Жарияланбайды

S. 11. 3. 1 АС1. Деректер кестесі – кеңестер

Іске асырылмаған.

S. 11. 4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану ережесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S. 11. 5 Өзге де

Қолайсыз.

S. 11. 5. 1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S. 12. 1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. «Үй шаруашылықтарындағы энергияны тұтыну статистикасы бойынша нұсқаулық» Еуростат әдістемесі. ҚР СЖРА ҰСБ интернет-ресурсында [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) «Әдіснама»/«Энергетика статистикасы» орналастырылған.

S. 12. 2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63

бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

## S. 13 Сапаны басқару

### S. 13. 1 Сапаны қамтамасыз ету

Үйдің сапасы мен сенімділігі шаруа қожалықтарын тексеру бойынша жалпы қабылданған қолдау рәсімдерімен:

- бастапқы есепке алудың негізгі қағидаттарын;
- стандартты статистикалық жіктеулерді қолдану;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;
- динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;
- электрондық форматта бастапқы деректерді енгізу деңгейінде дұрыстығын тексеруді, статистикалық нысанның кейбір мәселелері бойынша жауаптардың болмауын азайтудың статистикалық нысанын толтырудың дұрыстығын тексеруді айқындау.

### S. 13. 2 Сапаны бағалау

«Үй шаруашылықтарындағы энергияны тұтыну статистикасы бойынша нұсқаулық» Еуростат әдістемесі.

## S. 14 Өзектілік

### S. 14. 1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпараттық пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар, Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі халықаралық агенттіктің (IRENA) статистика бөлімі.

### S. 14. 2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистикасы бюросы жыл сайын «Пайдаланушылардың сауалнамасы» сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратпен пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі.

### S. 14. 3 Толықтығы/ R 1. Деректердің толықтығы – улес

Қолайсыз.

S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S. 15. 1 Жалпы дәлдік

Тексеру іріктеу әдісімен жүргізіледі. Деректер бастапқы есептер негізінде тарату коэффициенттерін ескере отырып және алдын ала есептерсіз жинақталады.

S. 15. 2 Іріктеме қатесі – индикаторлар/ А1.

Қолайсыз.

S. 15. 3 Іріктемемен байланысты есем қате

Қолайсыз.

S. 15. 3. 1 Қамту қатесі

Қолайсыз.

S. 15. 3. 1. 1 А 2. Қамтуды арттыру – үлес

Қолайсыз.

S. 15. 3. 1. 2 А 3. Жалпы бірліктер – арақатынас

Қолайсыз.

S. 15. 3. 3 Жауап жоқ болу қателері

S. 15. 3. 3. 1 А 4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолайсыз.

S. 15. 3. 3. 2 А 5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолайсыз.

S. 16 Уақыттылық және ұқыптылық

S. 16. 1 Уақыттылық

S. 16. 1. 1 ТР1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап бірінші жарияланымға дейін алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орташа есеппен 98 күнді құрайды. Нәтижелер бюллетенде бес жылда бір рет, ағымдағы жылға бекітілген статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес жарияланады. Шығару күні СЖЖ және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде сәйкес бекітілді және жарияланды.

S. 16. 1. 2 ТР2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S. 16. 2 Ұқыптылық

S. 16. 2. 1 Ұқыптылық/ TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы төрағасының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімдері жыл сайын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы төрағасының бұйрығымен бекітетін, ҚР Әділетминінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген.

Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2022 жылда жарияланым мерзімдері бұзылған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күніне түссе, жарияланым шығарылымы жұмыс күніне ауыстырылады.

S. 17 Салыстырмалылық

S. 17. 1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумағы шегінде.

S. 17. 1. 1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S. 17. 2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/ СС2

Қолданылмайды.

S. 18 Келісушілік

S. 18. 1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

«Үй шаруашылықтарындағы энергияны тұтыну статистикасы бойынша нұсқаулық» әдістемесі Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S. 18. 2 Ішкі келісушілік

Қолайсыз.

S. 19 Жүктеме

Деректерді жинауды интервьюерлер қағаз жеткізгіште жүзеге асырады. Барлық жауаптар пікірі сұралғандардың сөзінен жазылады, растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Деректерді жинауды және өңдеуді ұйымдастыру аумақтық статистика бөлімшелерінің (қалалардың, аудандардың статистика басқармаларының және облыстардың статистика департаменттерінің) міндеті болып табылады.

S. 20 Деректерді қайта қарау

S. 20. 2 Деректерді қайта қарау/ А6

Деректерді қайта қарау болған жоқ.

S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу

S. 21. 1 Бастапқы деректер

1. Үй шаруашылықтарында тексеру бойынша статистикалық ақпарат «Үй шаруашылықтарында энергия тұтынуды зерттеу сауалнамасы» Н-010 сауалнамасы бойынша үй шаруашылықтарының алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады. Статистикалық бақылау іріктемелі әдіспен жүргізіледі.

2. Үй шаруашылығын зерттеу интервьюерлердің үй шаруашылықтарының мүшелеріне сауал салуы негізінде жүзеге асырылатын орталықсыздандырылған зерттеу болып табылады. Деректерді жинауды және өңдеуді ұйымдастыру аумақтық статистика бөлімшелерінің (қалалық, аудандық статистика басқармалары және облыстық статистика департаменттері) міндеті болып саналады.

3. Іріктемелі байқаудың түпкілікті мақсаты іріктеме бойынша алынған деректер негізінде бас жиынтықтың сипаттамасы болып табылады. Деректерді бас жиынтыққа таратылған күйінде алу мақсатында, тексерудің нәтижелеріне статистикалық өлшеу жүргізіледі.

Осы әдісті іске асыру әрбір тексерілген үй шаруашылығына статистикалық өлшем берумен жүзеге асырылады, ол іріктемеге түскен барлық үй шаруашылықтар санының, ұсынылатын бөлігін сипаттайды.

4. Таралу коэффициенттері зерттелетін үй шаруашылықтарын елдер бойынша (өңірлік бөліністегі қала және ауыл тұрғындары) жеке бөлу туралы деректерді пайдалана отырып есептеледі. Зерттеу деректері демографиялық статистика деректері бойынша осы өңірдің және тұтастай алғанда елдің барлық үй шаруашылықтарының санын бағалауды қамтамасыз ететін «базалық» таразыларға түзетукоэффициенттерін пайдалана отырып, халықтың ағымдағы санына сәйкес келтірілді.

S. 21. 2 Зерттеу кезеңділігі

Бес жылда бір рет.

S. 21. 3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Сауал салуды қағаз жеткізгіште интервьюерлер жүзеге асырады.

Іріктемелі зерттеу сауалнамасы іріктеуге түскен әрбір үй шаруашылығына (отбасына) толтырылады. Әртүрлі үй шаруашылықтарына жататын бірнеше отбасылар бойынша ақпаратты жазуды олар бір үй-жай аумағында тұрып жатса да сауалнаманың бір бланкісіне біріктіруге жол берілмейді.

Үй шаруашылықтарында зерттеу өткізгенде стандартталған сұхбат алу әдісі қолданылады, яғни сауал салуды өткізу кезінде дайын сұрақтар мәтінімен сұрақнаманың стандартталған бланкісі және респонденттердің стандартталған жауаптарын жазу тәсілі қолданылады. Бұл тәсіл барлық респонденттерге сұрақтардың бір реттілікпен және бірдей қойылатынына, сонымен қатар әр түрлі респонденттердің бірдей сұраққа алынған жауаптары салыстырмалы әдіспен жазылатынына кепілдік береді.

S. 21. 4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді

электрондық форматта енгізу деңгейінде дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

S. 21. 5 Импутация – үлесі/ А7

Қолайсыз.

S. 21. 6 Түзету

Қолайсыз.

S. 21. 6. 1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолайсыз.

S. 22 Ескерту